



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ

**«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы»
Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 1271 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президенті
Жарлығының жобасы әзірленгені туралы**

2023 жылғы «18» шілде

Астана қ.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (*бұдан әрі – Ұлттық Банк*) «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының жобасын әзірлегені туралы хабарлайды.

Жарлықтың жобасында «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы» акционерлік қоғамына қайта құруға байланысты оны құрылымнан және Ұлттық Банк туралы ережеден алып тастау көзделеді. Бұл қайта құру Қазақстан Республикасының төлем жүйелері және цифрлық қаржы инфрақұрылымы саласында Ұлттық Банктің қызметін дамыту мен күшейтуге бағытталған.

Жарлық жобасының толық мәтінімен ашық нормативтік құқықтық актілердің <https://legalacts.egov.kz/npa/view?id=14635529> ресми интернет-порталында танысуға болады.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (7172) 775-138

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz